

АЗАМАТТЫҚ ҚҰҚЫҚ ЖӘНЕ АЗАМАТТЫҚ ПРОЦЕСС ГРАЖДАНСКОЕ ПРАВО И ГРАЖДАНСКИЙ ПРОЦЕСС CIVIL LAW AND CIVIL PROCEDURE

DOI 10.31489/2020 L3/50-58

ӘОЖ 347.1

Г.А. Ильясова, Р.А. Тоқатов

*Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қазақстан
(E-mail: g.iliasova@mail.ru, tokatov77@mail.ru)*

Азаматтық құқықтың қазақ тіліндегі қайнар көздеріне түсінік беру мәселелері

Мақаланың мақсаты — азаматтық құқық саласындағы мемлекеттік тілдегі нормативтік құқықтық актілерді қабылдауда орын алып отырған кейбір келелі мәселелерді зерттеу. Қоғамдық қатынастарды реттеуде қолданылатын құқықтық нормативтік құқықтық актілерді қалыптастыруда оларға тән отандық және халықаралық құқықты түсіну және талқылау тәжірибесін зерттеу арқылы қоғамға тиімді құқықтық нормаларды қабылдау бойынша тарихи және заманауи мәселелер мақалада зерделенген. Жалпы қайнаркөз түсінігін аша отырып, авторлар оның шығу тегі мен қалыптасу ерекшеліктерін зерттеген. Құқықтық қайнар көздердің өзіндік мағыналары мен қалыптасу ерекшеліктерін анықтаған. Сондай-ақ азаматтық құқықтық қайнар көздердің жекелеген түрлеріне тоқтала отырып, азаматтық құқықтық қатынастарды реттеуші қайнар көздердің ерекшеліктері айқындалған. Мақаланы жазу барысында азаматтық айналымда қолданылатын құқықтық нормаларға түсінік беру жағдайларына ерекше тоқталып, олардың мазмұнын зерттеген. Атап айтқанда, түсіндіру тәсіліне қарай грамматикалық, логикалық, жүйелік және тарихи түсіндірулерге жеке тоқталып, теориялық ережелерді талқылап, тарихи фактілерге мысал келтіре отырып талдау жүргізген. Қорытындыда қазақстандық заңнамада нормативтік құқықтық актілердің мәтіндерін қазақ тіліне аударумен байланысты мәселелер әлі де шешімін таппай отырғаны туралы атап көрсетілген.

Кілт сөздер: қайнар көз, нормативтік құқықтық акт, азаматтық заңнама, құқықтық әдет-ғұрып, мінез-құлық ережесі, кодификация, иерархиялық жүйе, аутентикалық түсіндіру, легальды түсіндіру, соттық түсіндіру, доктриналды түсіндіру, грамматикалық, логикалық, жүйелік және тарихи түсіндірулер.

Kipicne

Азаматтық құқық саласы қайнар көздерін қарастыру барысында оған жалпы сипаттама бере отырып, азаматтық заң құрылымы, азаматтық заңның кеңістіктегі, уақыт аралығындағы және тұлғалар арасындағы әрекеті, азаматтық құқық саласындағы аналогия және азаматтық заңдарды талқылау мәселелерін зерттеу арқылы осы сұрақты терең әрі толық түсінуге мүмкіндік аламыз. Қайнар көз немесе құқықтың қайнар көзі терминіне қатысты құқықтық тәжірибеде әртүрлі түсініктер қалыптасқан. *Fonte del diritto* — құқық қайнар көзі деп — құқық нормалары бекітілетін сыртқы көрініс табатын әдіс жиынтығы деген түсінікті кейбір авторлар анықтаған [1; 760]. Өзге ғалымдар құқықтың қайнар көздері мен нысанын теңдестіреді, олар қайнар көзбен нысан арасындағы айырмашылық ретінде мынадай негіздерді бастауға алады. Мәселен, қайнар көзді құқық нормаларын қалыптастыратын құбылыс туындататын құқық сипаты түрінде анықтаса, ал нысанын — мәні бойынша дереккөзбен сәйкес келмейтін «нормалар контейнері» ретінде анықтайды. «Құқық қайнар көзі» терминін кейбір ғалымдар «құқықтық ескерткіш» мағынасында қолданады. Құқықтық ескерткіш — құқықты тану қайнар көзі болып табылады. Құқықтық ескерткіштер ретінде әртүрлі

дәуірдегі түрлі мемлекеттердің құқықтарының сипаты мен мазмұны: заң мәтіндері, әдет-ғұрып жазбалары, сот істері, заңгерлердің сөз сөйлеулері, жылнамалар мен тарихи шежірелер, археологиялық ескерткіштер және т.б. ұғынылатын құжаттар немесе құжаттық куәліктер болады [2; 987].

Жалпы құқық қайнар көздерін толық түсіну мақсатында мынандай мағыналарда бөлуге болады: материалдық, идеологиялық және формальды (заңдық) деп.

Материалдық мағынадағы құқықтың қайнар көзіне қоғамдық қатынастардың өздерін, яғни қоғам өмірінің материалдық жағдайлары, экономикалық қатынастар жүйесі, қоғамда бар меншік нысандары және т. б. жатқызамыз. Идеологиялық мағынадағы құқық қайнар көзі — құқықтық сана және құқықтық мәдениетті қамтиды. Бұған орай заң шығарушылар құқықтық санасы, сондай-ақ құқықты қалыптастыруға әсер ететін халықтың да құқықтық санасы да ескерілу жағдайын жатқызамыз. Формальды (заңдық) мағынадағы құқық қайнар көзі — құқық нормаларын бекіту және өмірде жүзеге асыру тәсілдерімен көрініс табады.

Сондай-ақ, құқық қайнар көздерін тарихи және саяси мағынадағы түрлерге бөліп қарастыруға болады: тарихи мағынада ол әртүрлі құқық ескерткіштерін («Ману», «Хамурапи», «Он екі кесте» заңдарын) білдіреді, ал саяси мағынада құқықтың басты қайнар көзі деп Мемлекет түсіндіріледі. Негізінен құқық қайнар көздерінің құрамы мен жүйесі осы елдің құқықтық жүйесінің қандай құқықтық отбасына тиесілі болу мен тарихи ерекшеліктерімен айқындалады.

Қойылған мәселенің өзектілігін нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тілдегі аудармасының сапасына қатысты заңдық техникамен байланысты мәселелер айқындап береді. Қазақстан Республикасы Тәуелсіздік алғалы бері 29 жыл ішінде өтсе де, өкінішке орай бұл мәселе шешілмеген. Өзіміздің заңгер ретінде кәсіби қызметімізді жүзеге асыру барысында құқық нормалары мен заңдық терминдерді орыс тіліне сәйкес келмейтін дұрыс емес аудармаларды күнделікті кездестіріп отырамыз. Мәселен, мәтінді тікелей аудару жүзеге асырылады, әлемде жалпы танылған роман-германдық құқық жүйесінде қолданылатын рим құқығынан белгілі, басқа да шетелдердің тілінен енгізілген заңдық терминдер бірнеше нұсқада қазақ тіліне аударылады. Соның салдарынан құқықтық норманың мағынасы өзгереді, құқықтық нормаға теріс түсінік беріледі. Ал құқық теориясының ережелері бойынша заңдық техниканың қажетті шарты — терминдердің бірізділігі сақталуы тиіс, бір ұғымды белгілеу үшін әртүрлі терминдерді қолдануға жол берілмейді. Заң шығарушының еркі «құқықтың тілінде» білдірілуі тиіс. Сондықтан бұндай маңызды проблеманы шешу қазіргі қазақстандық қоғамдағы құқықтық мәдениеттің деңгейін жоғарылатуға септігін тигізеді деп санаймыз.

Әдістері мен материалдар

Зерттеу жұмысын жүргізу барысында құқықтың қайнар көздерінің қалыптасу үрдісіне тарихи-теориялық әдіс қолдану арқылы түрлі ғылыми әдебиетке талдау жасалды. Азаматтық құқықтың қайнар көздерінің түрлеріне, құқықтық нормаларға түсінік беру тәсілдеріне жеке тоқталып, тарихи деректер талданды. Құқық нормаларына түсінік берудің тәсілдерін тереңірек түсіну мақсатында осы салада маман ретінде танылған бірқатар ғалымдардың теориялық көзқарастары мен жалпыға танылған құқықтық теориялардағы тұжырымдар қарастырылды. Құқыққа түсінік беру тәсілдерін жеке-жеке талдау мақсатында азаматтық құқықтың негізгі қайнар көзі — ҚР Азаматтық кодексінен басқа кодекстер мен азаматтық құқық пәніне кіретін қоғамдық қатынастардың жеке түрлерін реттейтін арнайы заңдарға сілтеме жасалды.

Нәтижелер және талқылаулар

Азаматтық құқық саласының қайнар көздерін зерттегенде алдымен оның түсінігі мен олардың негізгі түрлеріне тоқтала кету керек. Азаматтық құқықтың қайнар көзі — бұл азаматтық құқық нормаларын тану мен бекітудің ресми танылған нысаны болып табылады. Азаматтық құқықтың қайнар көзі дегеніміз бұл азаматтық құқықтық қатынастарды теріс пайдаланудан, оларды бұзушылықтан және өзге де заңсыз іс-әрекеттердің алдын алатын және қорғайтын нормативтік-құқықтық актілер мен әдет-ғұрыптар, шарттар жүйесі. Яғни, осы анықтамаға зейін салатын болсақ, жалпы ең негізгі үш қайнар көздердің орын алып отырғанын байқауға болады. Олар нормативтік-құқықтық актілер, әдет-ғұрыптар және шарттар. Осы қайнар көздермен қоғамдағы барлық азаматтық құқықтық қатынастар реттеледі.

Азаматтық құқықтық қатынастарды реттеуде негізгі орынды азаматтық құқық саласын реттейтін басты құрал — ол азаматтық құқықтық қатынастарды реттеуші нормативтік құқықтық актілер болып табылады. Бірақ барлық азаматтық құқықтық қатынастарды тек заңмен реттей алу мүмкін емес, себебі азаматтық құқық диспозитивтік, яғни тараптардың теңдігіне негізделген қатынастарды реттейтін болғандықтан, қоғамдық қатынастарды реттеуде елеулі орынды шарттар алады. Себебі шарт азаматтық құқықтық қатынастарға қатысушы тараптардың келісімінен тұратын әмбебап қайнар көз болып табылады. Барлық қатынастарды заңмен реттей беру мүмкін емес, сол себепті шарт және әдет-ғұрыптардың азаматтық қатынастарды реттеуде алатын орны зор.

Құқықтық әдет-ғұрып (әдеттегі құқық) — тарихи қалыптасқан, жазылмаған және әдетке айналған қоғамдағы мінез-құлық ережесі болып табылады.

Азаматтық заңдылық, әдеттегі құқықтар, қызмет өрісіндегі әдеттегі құқықтар, дәстүрлер, мораль және адамгершілік ережелері бұлардың бәрі ғұрыпқа негізделген қайнар көздерді қалыптастырады. Іскерлік қызмет өрісіндегі әдеттегі құқықтар деп азаматтық айналымда орнатылған тәртіп ережелерін айтады. Өздігінен іскерлік қызметтегі ғұрыптар азаматтық құқық қайнар көздері болып табылмайды. Бірақ та мемлекет құқықтық акт арқылы іскерлік қызмет өрісіндегі әдеттегі құқықтарды санкциялаған кезде ол заңды күшке ие болып, азаматтық заңдылық жүйесіне кіреді.

Азаматтық-құқықтық дауды шешу кезінде жалпы әдет-ғұрып деп заңдарда көзделмеген, бірақ қалыптасқан, яғни өзінің мазмұнында жеткілікті түрде анықталған, азаматтық құқықтарды қалыптастыру мен жүзеге асыру және азаматтық міндеттерді орындау кезінде тек кәсіпкерлік, сондай-ақ өзге де салаларда, мысалы азаматтардың ортақ мүлікті пайдалану тәртібін айқындауы, қандай да бір міндеттемелерді орындауы кезінде кеңінен қолданылатын мінез-құлық ережесін түсінген жөн. Бірақ олар қолданыстағы заңдарға қайшы болса оның заңды күші жойылады.

Уақыт өте келе мемлекет әдет-ғұрыптарды жиі санкциялаудың нәтижесінде олар құқықтық нормалар жүйесіне кірді. Әлем мемлекеттерінің барлығында азаматтық құқықтың сан ғасырлық тарихы және оны қолдану дәстүрлері бар. Барлық елдерде әдет-ғұрыптар мен дәстүрлер, белгілі бір халықтың кең таралған діни нанымдары мен көзқарастары, тарихи дамудың әртүрлі кезеңдерінде қалыптасқан құқықтық нормалар жүйесі азаматтық-құқықтық қатынастар мен азаматтық-құқықтық реттеудің қайнар көздері болып саналады. Тарихи даму барысында бұл жүйелер өзгерістер, жетілдіру, байыту үрдісінен өтті, алайда эволюцияның бастапқы сатыларында оларға тән жекелеген белгілер бүгінгі күнге дейін сақталған. Азаматтық құқықтың ең кең таралған қазіргі негізгі жүйелерінің арасында континенттік (роман-германдық), ағылшын-американдық (ағылшын-саксондық жүйе, жалпы құқық) және мұсылман құқық жүйесін атап өткен жөн. Континенттік (роман-германдық) жүйе азаматтық заң саласының құқықтық жүйесі болып саналады. Континенттік жүйе Еуропаның көптеген елдерінде, сондай-ақ Азия, Африка және Латын Америкасының бірқатар елдерінде таралған және әрекет етеді.

Тарихи экскурске жүгінер болсақ, Ресей империясының бұрынғы отарларының, содан кейін КСРО одақтас республикаларының заңдары негізінен осы жүйеге барынша жақын кесте бойынша құрылғанын көрсетеді. Тарихи алуан түрлі оқиғаларға байланысты, өткен ғасырдың басында Қазақстан және сол сияқты өзге елдерде жүргізілген келеңсіз реформалар барысында басқару және құқықтық жүйесінің талай мәрте өзгеріске ұшырауына байланысты өзінің ұлттық құқық жүйесін қолдану мүмкіндігінен айырылған мемлекеттер аз болмады. Көптеген жылдар бойы қатаң тоталитарлық режим орнатқан кенес империясының кенеттен құлдырауы, енді көптеген тәуелсіз елдерді қапыда қалдырды. Сондықтан олар қалыптасқан құқықтық жүйенің пайдасына таңдау жасай отырып, «ең аз қарсылық» жолымен қолдарында жылдар бойы қалыптасқан, тұрақталған жүйеге таңдау жасауды жөн көрді. Бұл құқықтық жүйені өз жүйелерінің негізіне қойып, жаңа заңдар, кодекстер қабылдады, түрлі халықаралық шарттарды бекітті. Алайда уақыт өте келе тәуелсіз мемлекеттердің өзінің тарихи өткенін қайта ойлау үрдісі, ежелгі құқықтық жүйелерге деген қызығушылықтың өсуі және олардың қайта жаңғыруы байқала бастады. Бұл әр ұлттың өзіне тән, ерекше, орны толмас, барлық халықтың санасына көне әдет-ғұрыптар мен дәстүрлердің ізін түсіретін және олардың негізінде қалыптасқан құқықтық жүйе, құқықтық сана сақталған тарихи жадымен түсіндіріледі. Өзінің бай тарихи мұрасына қызығушылық оятатын мемлекеттердің бірі — Қазақстан Республикасы. Ұзақ жылдар бойы ұмытылудағы ғасырлар бойы ұлттың мәнін анықтайтын мәңгілік жоғары құндылықтар қайта оралады. Халық даналығы «Өз-өзіне келген халық өз өткенін іздейді» дейді, сондықтан қазақ әдет-ғұрып заңдарының қайта жаңғырту процесі өмірде орын алатындығы әбден заңды құбылыс болып танылады [3].

Екінші негізгі қайнар көзге азаматтық құқық саласындағы қатынастарды құқықтық реттеуге жататын нормативтік құқықтық актілерді жатқызамыз. Ал нормативтік құқықтық акт дегеніміз — республикалық референдумда қабылданған не уәкілетті орган қабылдаған, құқық нормаларын белгілейтін, өзгертетін, толықтыратын, олардың қолданысын тоқтататын немесе тоқтата тұратын, белгіленген нысандағы, қағаз жеткізгіштегі жазбаша ресми құжат және сонымен бірдей электрондық құжат (25 п. 1-бап) [4].

Азаматтық құқық нормалары заңдарда және нормативтік құқықтық актілерде бекітілуі мүмкін. Барлық осы нормативтік құқықтық актілер заңды күшіне байланысты қатаң иерархиялық жүйеде орналасқан, нормативтік актінің мәні оның заңды күшімен анықталады. Нормативтік құқықтық актінің заңды күші неғұрлым жоғары болса, соғұрлым оның азаматтық заңдылық жүйесіндегі алатын орны басым болады. Азаматтық заңдылықтың нормативті актілерін осылайша құрылуының тек қана теориялық емес, тәжірибелік маңызы да бар. Барлық құқықтық актілер мынадай түрлерге: нормативтік құқықтық актілерге және нормативтік емес құқықтық актілерге бөлінеді. Нормативтік құқықтық актілер негізгі және туынды болып бөлінеді.

Қазіргі таңда «Құқықтық актілер туралы» заңның 8-бабына сәйкес, жалпы он сегіз кодекс анықталған. Азаматтық кодекс сол салалық кодификацияланған нормативтік құқықтық актілер ішінде ерекше орын алады. Салалық кодификацияланған нормативтік құқықтық актілер азаматтық құқық пәніне кіретін барлық қоғамдық қатынастарды реттеуге арналған және Қазақстан Республикасы аумағында азаматтық заңдылықтың дамуына негіз болып табылады.

Азаматтық кодекс салалық кодификацияланған нормативтік құқықтық акті ретінде Қазақстан Республикасының бүкіл территориясында мүліктік-бағалы және жеке мүліктік емес қатынастарды құқықтық реттеуді қамтамасыз етуге арналған. Осыған сәйкес азаматтық кодекс азаматтық құқық пәніне кіретін барлық дерлік қоғамдық қатынастарды реттеуге бағытталған азаматтық заңдылықтың ең маңызды құқықтық нормаларын бекітеді.

Кодификацияланған нормативтік құқықтық актілермен қатар азаматтық заңнама жүйесін азаматтық құқық пәніне кіретін қоғамдық қатынастардың жеке түрлерін реттейтін арнайы заңдар құрайды. Мысалы, Қазақстан Республикасының «Электр энергетикасы туралы» Заңы электр энергиясын тұтынушы абоненттер мен қызмет көрсетуші ұйымдар мен азаматтар, кәсіпорындар, мекемелер арасындағы қатынастарды реттейді; «Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы» Заңы азаматтық құқықтық қатынастар барысында тұтынушылар мен тауар сатушылар, қызмет көрсетушілер жұмыс жүргізушілер арасындағы туындаған қатынастарға сәйкес құқықтық қорғау және қолдануға байланысты туындаған олармен байланысты мүліктік және жеке мүліктік емес қатынастарды реттейді.

Азаматтық құқықтық қатынастарды реттеуде кеңінен қолданылатын заңдардың келесі түрі шоғырланған заңдар. Қазақстан Республикасының шоғырландырылған заңдары заңнаманың құрылымын жетілдіру мақсатында қабылданады. Шоғырланған заңдар аясы мемлекеттік мүлік туралы, білім және ғылым туралы, тұрғын үй қатынастары туралы, оңалту және банкроттылық туралы және тағы да басқа заңдар жиынтығын құрайды, «Құқықтық актілер туралы» заңның 9-бабында оның толық түрлері анықталған. Шоғырланған заң дегеніміз белгілі бір қоғамдық қатынас аясында туындап қабылданған және сол саланы реттеуге бағытталған заңдардың орталықтандырылған түрлерін қарастырамыз.

Қазақстан Республикасы әлемдік бірлестіктің бөлігі болып табылады, сондықтан Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасы халықаралық құқықтардың жалпы қолдаған қағидалары мен нормаларымен, Қазақстан Республикасы қатысатын халықаралық келісімдермен есептесуі керек. Осыған сәйкес Қазақстан Республикасының Конституциясы халықаралық құқықтардың жалпы қолдаған қағидалары мен нормаларына қосыла отырып, Қазақстан Республикасының халықаралық келісімдері негізінде Конституциялық құқықтық жүйенің құрамдас бөлігі ретінде қарастырылады. Бұл дегеніміз, азаматтық құқық пәніне кіретін қоғамдық қатынастарды реттеу кезінде халықаралық құқықтардың жалпы қолдаған принциптері мен нормалары және Қазақстан Республикасының халықаралық келісімдері қолданылуына мүмкіндік береді деген мағынаны түсіндіреді. Халықаралық құқықтың жалпы танылған нормалары мен принциптері және халықаралық шарттар Қазақстан құқықтық жүйесінің құрамдас бөлігі болып табылады, бұл ретте, егер Қазақстан Республикасы және халықаралық шартында заңмен қарастырылған өзге ережелер белгіленіп, құқықтық қақтығыс орын алса, онда халықаралық шарттың ережелері қолданылады. Бұл жөнінде ҚР Конституциясында келесідей атап өтілген «Республика бекіткен халықаралық шарттардың Республика заңдарынан

басымдығы болады. Қазақстан қатысушысы болып табылатын халықаралық шарттардың Қазақстан Республикасының аумағында қолданылу тәртібі мен талаптары Республиканың заңнамасында айқындалады» (4-баптың 3-бөлімі) [5]. Халықаралық шарттың басымдығы халықаралық шарттардың құқығы туралы Вена Конвенциясының 26, 27, 46-баптарында бекітілген, оған сәйкес халықаралық шарттар жасасу құзыретіне қатысты ерекше маңызды мәндегі ішкі құқық нормаларын бұзуды қоспағанда, ішкі (ұлттық) құқықтың ешқандай ережелері халықаралық шарттың орындалмауына тосқауыл бола алмайтындығын анықтаған [6].

Азаматтық-құқықтық нормаларды түсіндіру деп онда кездескен түсініспеушіліктерді жою арқылы оның мазмұнын түсінуді айтады. «Нормативтік құқықтық актілердің анық болмауы мен әртүрлі түсіндірілуі, оларды қолдану тәжірибесінде қайшылықтар анықталған жағдайларда, нормативтік құқықтық актіде қамтылған нормаларға ресми түсіндірме берілуі мүмкін» [4].

Қандай да бір азаматтық-құқықтық нормалардың мазмұнында түсініспеушіліктер түрлі себептерден туындауы мүмкін. Бұл жағдай мысалы нормативтік құқықтық актінің қысқаша жазылуынан немесе қате аударылуынан пайда болады. Сол себепті азаматтық-құқықтық нормаларға алуан түрлі түсініктер қолданылады. Жалпы азаматтық құқықтық нормаларды түсіндірудің үш басты түрлерін бөліп қарастыруға болады. Олар: түсіндіру субъектісіне байланысты, түсіндіру әдісіне байланысты және түсіндіру көлеміне байланысты деп бөлінеді.

Түсіндірудің субъектісіне байланысты түрі бұл жерде түсіндіруді жүзеге асыратын тараптар, яғни субъектілері бойынша жіктеуді қарастырамыз. Түсіндіру субъектісіне байланысты: аутентикалық, легальды, соттық және ғылыми түсіндіру болып бөлінеді.

Аутентикалық түсіндіру құқықтық акт мәнін оны шығарған органмен берген түсіндіруді қарастырамыз (мысалы: Парламент заң қабылдап сол заңды өзі түсіндірсе).

Легальды түсіндіру бойынша құқықтық норманы шығарған органмен емес, заңды түсіндіруге құзыреті бар органның берген түсіндіруін жатқызамыз (мысалы Парламент заңды қабылдайды, ал оны түсіндіруге Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесі құзыретті).

Соттық түсіндіру құқықтық норма мәні соттық органмен қабылданған шешім ретінде немесе іс бойынша анықталған кезде қолданылады. Соттық түсіндіру шешім немесе анықтама қабылданған іске қатысы бар тұлғаларға ғана міндеттеуші күшке ие. Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты соттарда қарастырылған материалдарды және сот актілеріне жалпылама талдау жүргізіп, заңдылықты қолдану жөнінде бастаушы түсініктер береді. Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотының түсініктері нормативтік қаулы нысанында қабылданып, Қазақстан Республикасының жалпы юрисдикциясындағы барлық соттары үшін міндетті. «Құқықтық актілер туралы» заң бойынша нормативтік құқықтық актілердің негізгі түрлеріне жатқызылған (7-баптың 2-бөлімінің 5) тармағы [4].

Ғылыми түсіндіру (доктриналды) құқықтық норма мәнін ғалыммен қандай да бір әдебиетте, азаматтық заңдарға түсініктеме ретінде, ғылыми конференцияларда, журналдарда жарияланған мақалалар түрінде, немесе монографиялар және т.б. сипаттарда талқыланған түрде қолдануды қарастырамыз. Ғылыми түсіндірудің міндеттеуші күші жоқ. Бірақ оның мәні өте зор, өйткені ғылыми түсіндірулер міндеттеуші күші бар мемлекеттік органдармен де қолданылады.

Заңдардың тәжірибеде іске асырылмау себебі құқықтық нормалардың қате, түсініксіз жазылуынан туындайды. Оған мысал ретінде заңдардың екі тілдегі мәтіндеріндегі сәйкессіздіктер болады. Сонымен қатар, бұндай құбылыстарды соңғы жылдары республика соттарының құқық қолдану тәжірибесінде заңдардағы кейбір баптардың түсініксіздігінен азаматтық істерді қарау тәжірибесінде қиындықтар туындауына байланысты ҚР Конституциялық кеңесіне түсінік беру туралы жолдануларының жиілеп кетуі дәлел болады. Сол себепті соттардың осындай жолдауларын, олар бойынша ҚР Конституциялық Кеңесінің қаулыларын зерттеу қажет. ҚР Конституциялық кеңесінің берген түсінігін, заңдардағы жіберілген ақаулықтарды айқындау негізінде доктриналдық түсінік беру мақсатында зерттеу жүргізу өте қажет. Сондықтан заңдарда бекітілген құқықтық нормаларға заңдық техника ережелері негізінде доктриналдық түсініктер беру өте маңызды.

Сонымен, азаматтық құқық нормаларын түсіндіру дегеніміз — бұл құқықтық тәртіпке қатысты айқындылықты алу үшін саналы немесе интуитивті субъекті пайдаланатын құқықтық нормалардың мағынасын танудың арнайы тәсілдері, ережелері мен құралдары.

Түсіндіру тәсіліне қарай грамматикалық, логикалық, жүйелік және тарихи түсіндірулер болып бөлінеді.

Грамматикалық түсіндіру азаматтық құқық нормаларының мәні сауаттылық ережелерінің көмегімен анықталатындығымен сипатталады. Яғни, заңды жазу барысында оның бойынан «заң қаріпі мен заң рухы» түсініктері үйлесімді көрініс табуы тиіс. Егер заң сауатсыз жазылса ол, сол норманы қолданушылардың алапатына айналары сөзсіз. Тарихтан сауатсыз қалыптастырылған құжаттарға қатысты көптеген жағдайлар бұған куә. Осыған қатысты бір оқиғаны мысал ретінде келтіріп көрелік. Бұл оқиға Карл V Габсбург кезінде — 1516 жылдың 23 қаңтарынан бастап Карлос I атымен Испания Королі, 1519 жылдың 28 маусымынан 1556 жылдар аралығында Германия королі кезінде орын алған болатын. Билік үшін сол кездегі еуропа елдері арасында үлкен соғыс басталғалы барлық елді мекендердегі еркек атаулысының бірі қалмай майданға аттанған кезең еді. Сол замандар өмір сүріп жатқан бір елді мекендегі оқиғаны назарға алу арқылы осы жағдайды түсіндіріп көрейік. Бір отбасының отағасы, оның екі інісі мен ағасы соғысқа аттанады, бұл шаңырақта ересектерден жалғыз әйелі және оның төрт баласы артында қалады. Ауылда еркек қалмаған соң ерлердің жұмыстарын әйелдері атқарады. Міне жаңағы қалған әйелде өз жұбайының орнына ауыл диірменіне жұмысқа шығып диірменші болып еңбек етеді. Күнде таңнан кешке дейін бидай тартып үйіне қайтарында жерге шашылып қалған бидайдан балаларына екі дәннен теріп үйіне әкеліп, оларға беріп қуанытып отырады. Балаларының бірі ол дәндерді толық жемей бірін жесе, екіншісін қалтасына салып жинайды. Күндердің бір күні әлгі баласы ауыл балаларымен алысып ойнап жүріп құлап, қалтасынан жиналған бидайы шашылады. Мұны көрген жергілікті қадағалаушы оның анасынан астық ұрлаудан сезіктеніп, сол заманның құқық қорғаушы жандармдарына жеткізеді. Олар болса сұрапыл соғыс заңына сәйкес қатал соғыс уақытындағы трибуналға сәйкес өлім жазасына кеседі. Бишара әйел соңғы үміті сол дәуірдің патшасы Карл V Габсбургтен рахымшылық хатымен барлық мән-жағдайды түсіндіре отырып кешірім сұрап, өлім жазасынан араша сұрайды. Мән-жәйді саралаған патша өзіндік бір ой түйіп, алдындағы хатшыға жауап жазуды бұйырады. Сонда ол «казнить нельзя, помиловать» — деген сөзді жаздырады. Ал хаттамашы сауатсыздығынан ба, әлде салғырттығынан ба үтірді дұрыс қоймай «казнить, нельзя помиловать» — деген бұйрықты шығартып әлгі әйелдің өмірін тоқтатады [7]. Бір адамның сауатсыздығы кесірінен, сауатсыз қалыптастырылған заңнан екінші бір адам немесе бір қоғам не тіпті бір мемлекеттер жапа шеккен оқиғалар аз емес. Сондықтан заңның сауатты қалыптастырылуы әділдік пен парасаттылықтың басты кепілі екенін ұмытпаған жөн.

Осы жерде айта кететін мәселе, ұлттық заңнама терминологиясында шешілмей жүрген бірқатар өзекті мәселелер бар. Оның біріншісі — нормативтік-құқықтық актілердегі атау сөздердің, терминдердің бірізділігі мәселесі. Нормативтік құқықтық актілер жобаларының орыс тілінде әзірленуі, Парламентке келіп түскенше осы жобалардың сол тілдегі мәтіні ғана пысықталып, ал қазақ тіліндегі аударма нұсқасының назардан тыс қалуы, депутаттық жұмыс топтарында да жобамен жұмыстың негізінен орыс тілінде жүргізілуі, жалпы алғанда ұлттық заңнама тілінің, оның терминологиясының орыс тіліндегі нұсқаға байланып қалуы ұлттық заңнаманың тілі мен терминдеріндегі бірізділіктің сақталмауына себеп болып отыр [8].

Логикалық түсіндіру азаматтық құқық нормаларының мәні формальды логика ережелерінің көмегімен анықталатындығымен сипатталады. Логикалық түсіндіру — заң мен логика ережелерін тікелей пайдалануға негізделген құқықтық ұйғарымдардың қисынды құрылуын зерттеу барысында норманың мәні анықталатын түсіндіру тәсілі болып табылады.

Жүйелік түсіндіру азаматтық құқық нормаларының мәні осы норманың азаматтық заңдылықтағы орны мен құқықтың сабақтас нормаларымен қатынасын анықтау жолымен сипатталуын қарастырамыз. Құқық нормаларын жүйелі түсіндіру дегеніміз — құқық нормаларын ұғындыру және түсіндіру тәсілдерінен тұрады, бұған сәйкес нақты салалық заң жүйесінің толық сабақтастығын, нормалардың қызметтік және өзге де байланыстылығын анықтай отырып, қоғамдық қатынастарды реттейтін әдістер жиынтығы деп тануға болады.

Тарихи түсіндіру азаматтық құқық нормаларының мәні оны өзі қабылданған кездегі шарттарды салыстыра отырып, анықталатындығымен сипатталады. Қазіргі таңда аса ақсап тұрған түсіндіру түрінің бірі осы тарихи түсіндіру болып табылады. Егер мемлекет өзінің елдігін нақты ұстағысы және оны дамытқысы келсе өз тарихын жақсы біліп одан негіз алған ақпараттарды толық еңсере отырып күнделікті өмірде пайдалануға жол салуы тиіс. Себебі өмірде барлық қатынастар мемлекет қабылдаған заңдармен реттеле бермейді. Мәселен адам қайтыс болса оны заң бойынша өлді деп танып, оған тиісті құжаттарды заңға сәйкес рәсімдейміз, ал оны жерлеу және сонымен байланысты өзге де мәселелерді біз әдет-ғұрыптық нормалар арқылы жүзеге асырамыз (ахырет, жаназа және т.б.) Себебі бірде-бір зайырлы мемлекет заңдары бұндай қатынастарды реттемейді. Тарихи талдауды

тереңірек зерттеу арқылы бізге жақын көптеген қатынастар шиеленістері шешілетіндігі сөзсіз. Тарихқа зейін салсақ, билер соты «Айтылған сөз атылған оқ» — демекші ол кездерде дауларды шешудің шеберлігі жоғары дәрежеде болған. Мысалыға мына бір тарихи жағдайды айта кетуге болады: «Ерте бір замандарда үстінде көнелеу бір шапаны, тозығы жеткен бөрігі мен мәсісі, белінде қысқалау бір арқаны оралған жапан далада бір баз кешіп келе жатқан кедей адам болыпты. Жерден тамақ іздеп әртүрлі шөпті, оның тамырын қорек көріп келе жатса алыстан бір еміс-еміс дауыс естіледі. Ылдилап әлгі дауысқа қарай жүреді, биіктеу бір тау, соның үстінде аттылы біреу атымен келе жатып астындағы аты үркіп, үстіндегі жүргізушісін құлатып кеткен. Әлгі адам құздан құлап бара жатып бір кара жартасқа жабысып қалып, айғайлап көмек сұрап тұр екен. Әлгіні көрген кедей еш ойланбастан жүгіріп беліндегі арқанын түсіріп, ол адамды ажалдан алып қалады. Өлімнен құтылған адам сол жердің бір бай азаматтарының бірі болып шығады. Аман қалғанына қуанып, өлімге араша болған кедейге «Малым жанымның садақасы» — деп жүз бас қой әрі еншісіне жер береді. Арада біраз жылдар өтіп кедейдің малы өсіп жүз басы мың бас қойға жетеді. Бұны көрген бай «мен саған жүз бас бердім ол мыңға жетті, демек жүзі сенікі ал тоғыз жүз бас төлі менікі» — деп дауласады. Екеуі бір бітімге келе алмай, дауды сол жердің биінің алдына ұсынады. Би мәселенің толық мән-жайын пішіп, малды алдырып сол жердің жалпақ өзегіне жайылымға жібертеді, бай мен кедейге екі қой шарбақ тіктіріп, мынау сенікі ал мынау сенікі деп екеуінің қой шарбақтарын көрсетіп, үшеу сол жердегі биіктеу төбенің басына шығып таңнан кешке дейін әлгі малды бақылайды. Қой болса жайылып, жусап, суға құлап кеш батып ымырт жамыларда тыпыршып рефлекстері бойынша қойлар қора іздей бастайды. Ауыл маңына тігілген әлгі қораларға қойлар топырлап кіре бастайды. Басым көпшілігі кедейдің, азын аулағы байдың қорасына кіреді. Би және дауласушы тараптар төбе басынан түсіп қой шарбақтарға келеді. Би болса кесім осы әркім өз шарбағына кірген малдарын айдап әкетсін деп шешім қабылдайды. Бұл жағдайда тараптар бір-бірімен дауласа алмайды, тіпті би шешіміне шүбә келтіре алмайды. Міне қылды қақ жару деп осындай шешімдерді айтуға болады. Яғни, қоғамдық қатынастарды реттеуші нормаларда тарихи талқылаулар ерен орын алатын болса, заңдардың пәрменділігінің орны артары еш күмән келтірмейді. Яғни бұдан ұғынарымыз елімізде ұлттық заңдар мемлекеттік тілде қабылданбаса онда олармен қатынастарды реттеу өмірде көп шикілік туғызары заңды құбылыс.

Түсіндіру көлеміне байланысты тура, шектеулі және кеңейген түсіндірулер болып бөлінеді.

Азаматтық заңды тура түсіндіру заңның мазмұны оның мәтініне тура сәйкес келген жағдайда қолданылады. Заң шығарушы азаматтық-құқықтық норманың нақты мәні оның тура мәтініне сәйкестендіруге тырысқандықтан, көп жағдайда осы тура түсіндіру қолданылады.

Құқықтық норманың мәні оның мәтінінен тарлау болған жағдайлар да кездеседі. Бұндай жағдайларда шектеулі түсіндірулер қолданылады.

Азаматтық-құқықтық норманың мәні оның мәтінінен кең болған жағдайда кеңейген түсіндірулер қолданылады.

Қорытынды

Жоғарыдағы мәселелерді қорытындылай келе еліміздегі заң шығарушылық тәжірибесін шындауда аса көңіл бөлетін жағдай — заң шығару үрдісінің дұрыс жүзеге асырылуын, жан-жақты зерттеуді қажет етеді.

Мемлекеттегі қатынастарды реттеуші нормаларды қабылдауда тарихи талқылау мәселесіне ерекше назар аудару қажет. Себебі қазіргі таңда көп жағдайда заңдардың бұзылуының бірден-бір себебі қоғамдық қатынастарды реттейтін құқықтық нормалардың ұлттық менталитетке, болмысқа қатысы жоқ элементтердің орын алуы қанша дегенмен өзінің кері салдарын туғызатыны заңды құбылыс. Бұлармен қатар қабылданған заңдарда орын алып отырған қателіктер, өзге заңдармен қайшылықтар және тағы да басқа мәселелер азаматтық қатынастарды реттеуші кейбір нормалардың тәжірибедегі шикілігін көрсетеді. Бізде көбіне заңдар орыс тілінде қабылданып, кейін олар қазақ тіліне аударылады. Бұл құқық қалыптастырушы және құқық қолданушы тәжірибеге көптеген қарама-қайшылықтар туғызады. Себебі қабылданған заңдарды аударуда кететін қателіктер, мағынасының ауысуы және соттағы да басқа мәселелерді айта беруге болады. Қоғамдық қатынастардың мемлекетімізде дұрыс жүзеге асуы үшін сапалы заңдар қабылдануы тиіс, міне бұл құқықтық мемлекеттің бірден-бір көрінісі болып табылады. Сондықтан, нормативтік құқықтық актілердің қазақ тілі нұсқасындағы мәтінінде қолданылған сөз тіркестері мен сөйлемдерді құрастыруда жіберілген

кемшіліктерді айқындау, заңдардың құқықтық нормаларына түсінік беру қазіргі кезеңде өте қажет деп санаймыз.

Әдебиеттер тізімі:

- 1 Марченко М.Н. Источники права: учеб. пос. / М.Н. Марченко. — М.: ТК Велби; Изд-во «Проспект», 2006. — 760 с.
- 2 Нечаев В.М. Источники права: энцикл. словарь / В.М. Нечаев. — М.: Изд-во «Проспект», 2001. — 987 с.
- 3 Мұхтарова А.Қ. Шетелдердің мемлекет және құқық тарихы [Электронный ресурс] / А.Қ. Мұхтарова. — Алматы: Нұр-Пресс, 2005. — Режим доступа: <https://articlekz.com/article/9747>.
- 4 «Құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасының Заңы. 2016 жыл 6 сәуір, № 480 [Электронный ресурс]. — Режим доступа: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1600000480>.
- 5 Қазақстан Республикасының Конституциясы. 1995 жылы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданды [Электронный ресурс]. — Режим доступа: http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K950001000_.
- 6 Международные договоры в области гражданского права [Электронный ресурс]. — Режим доступа: <https://jurisprudence.club/pravo-grajdanskoe/mejdunarodnyie-dogovoryi-oblasti-grajdanskogo.html>.
- 7 Казнить нельзя помиловать [Электронный ресурс]. — Режим доступа: <https://ru.wikipedia.org/wiki>
- 8 Ильясова Г.А. Заңнамалық актілердің мәтінін мемлекеттік тілге аударуға байланысты өзекті мәселелер [Электронный ресурс] / Г.А. Ильясова // Қазақстан Республикасы Заңнама институтының жаршысы. — 2017. — № 1 (46). — Б. 155–163. — Режим доступа: http://www.iz.adilet.gov.kz/sites/default/files/upload-files/na_sayt_vestnik_no146-1017.pdf

Г.А. Ильясова, Р.А. Токатов

Проблемы толкования источников гражданского права на казахском языке

Основная цель, поставленная в статье, изучить некоторые проблемные вопросы, возникающие при принятии нормативных правовых актов на государственном языке в сфере гражданского права. В работе изучены исторические и современные проблемы по принятию эффективных для общества правовых норм посредством изучения опыта толкования и обсуждения характерного для них отечественного и международного права в формировании правовых нормативных правовых актов, применяемых в регулировании общественных отношений. В целом, раскрывая понятие источника, авторы изучили его происхождение и особенности формирования. Определены характерные черты и особенности формирования источников. Также проанализированы отдельные виды источников гражданского права и выявлены особенности правовых источников, регламентирующих гражданские правоотношения. Кроме того, особое внимание уделено вопросам толкования правоприменительных норм гражданского оборота, было изучено их содержание. В частности, в зависимости от способа толкования, отдельно рассмотрены грамматическое, логическое, системное и историческое виды толкования, проанализированы теоретические положения и в качестве примера приведены исторические факты. В заключении отмечено, что в казахстанском законодательстве не решены вопросы, связанные с переводом текстов нормативных правовых актов на казахский язык.

Ключевые слова: источники, нормативный правовой акт, гражданское законодательство, правовые обычаи, правила поведения, кодификация, иерархическая система, аутентическое, легальное, судебное, доктринальное, грамматическое, логическое, системное и историческое толкования.

G.A. Ilyasova, R.A. Tokatov

Problems of interpretation of civil law sources in the Kazakh language

The main purpose set in the article is to examine some of the problematic issues that arise when enacting legislation in the public language in the sphere of civil law. The article explores historical and contemporary problems in adopting effective societal legal norms by studying the experience of interpreting and discussing domestic and international law characteristic for them in formation the legal legislation applied in the regulation of public relations. In general, revealing the concept of the source, the authors studied its origin and features of formation. The characteristics and features of the formation of sources are defined. Also, analyzing certain types of sources of civil law the features of legal sources regulating civil relations are revealed. In writing of the article, the emphasis was on the interpretation of civil circulation law enforcement and their contents. In particular, the method of interpretation is separately considered grammatical, logical, systemic and historical interpretations, theoretical provisions are analyzed and historical facts are given as an

example. The conclusion notes that Kazakhstani law still does not address the issues related to the translation of the texts of regulations into the Kazakh language.

Keywords: sources, legal act, civil legislation, legal customs, rules of conduct, codification, hierarchical system, authentic interpretation, legal interpretation, judicial interpretation, doctrinal interpretation; grammatical, logical, systemic and historical interpretations.

References

- 1 Marchenko, M. N. (2006). *Istochniki prava: uchebnoe posobie* [Sources of law: textbook]. Moscow: TK «Velbi»; Izdatelstvo «Prospekt» [in Russian].
- 2 Nechaev, V. M. (2001). *Istochniki prava. Entsiklopedicheskii slovar.* [Sources of law. Encyclopedic dictionary]. Moscow: Izdatelstvo «Prospekt» [in Russian].
- 3 Mukhtarova, S. G. (2005). *Shetelderdin memleket zhane quqyq tarikhy* [History of the state and law of foreign countries.] Almaty: Nur-Press. *articlekz.com* Retrieved from <https://articlekz.com/article/9747> [in Kazakh].
- 4 «Qyqyqyq aktiler turaly» Qazaqstan Respublikasynyn Zany. 2016 zhyl 6 sauir, No 480 [Law of the Republic of Kazakhstan on legal acts of April 6, 2016 No. 480]. *adilet.zan.kz* Retrieved from <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z160000480> [in Kazakh].
- 5 Qazaqstan Respublikasynyn Konstitutsiiasy. 1995 zhyly 30 tamyzda respublikalyq referendumda qabyldandy [Constitution of the Republic of Kazakhstan. (Unofficial translation). Constitution adopted on August 30, 1995 at the republican referendum.] *adilet.zan.kz* Retrieved from http://adilet.zan.kz/eng/docs/K950001000_ [in Kazakh].
- 6 *Mezhdunarodnye dohovory v oblasti grazhdanskoho prava.* [International treaties in the field of civil law]. *jurisprudence.club* Retrieved from <https://jurisprudence.club/pravo-grajdanskoe/mejdunarodnyie-dogovoryi-oblasti-grajdanskogo.html> [in Russian].
- 7 *Kaznit nelzia pomilovat* [Execution cannot be pardoned.] *ru.wikipedia.org* Retrieved from <https://ru.wikipedia.org/wiki> [in Russian].
- 8 Ilyassova, G.A. (2017). Zannamalyk aktilderin matinin memlekettik tilge audaruga bailanysty ozekti maseleleri [The urgent problems connected with the translation of the text of acts to the state language]. *Vestnik Instituta zakonodatelstva i pravovoi informatsii Respubliki Kazakhstan — Bulletin of the Institute of legislation and legal information of the Republic of Kazakhstan, 1(46), 155–163.* Retrieved from http://www.iz.adilet.gov.kz/sites/default/files/upload-files/na_sayt_vestnik_no146-1017.pdf [in Kazakh].